

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ҚР БФМ ФК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»

VI ХАЛЬПАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

(2020 жылғы 27-28 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ҚАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»

(27-28 ноября 2020 года)

Актобе 2020

5. Фабдуллин Э., Фабдешұлы. Кең Нарынға Бөкей бастап өтіп еді... Алматы, 1999.
6. Кипиев М. Бақтыгереи Құлманов - мемлекет және қоғам қайраткері. Атырау, 1999
7. Кенжеахметов С. Қазақ зиялыштары. «Ақиқат» журналы. 1994, №7
8. Кипиев М. Бақтыгереи Құлманов - мемлекет және қоғам қайраткері. Атырау, 1999, 56 б.
9. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995.
10. Қуаныш С. 1916 жыл немесе кара жұмысқа айналғандар. «Ақиқат», №12, 1998ж.
11. Қуаныш С. Көрсетілген еңбек. 87 б.
12. Озғанбаев Ә. Дала және Түркістан. «Ақиқат», 1997, №11
13. Өзбекұлы С. Арыстары Алаштың. Алматы, 1998.
14. Өзбекұлы С. Арыстары Алаштың. Алматы, 1998, 163 б.
15. Өзбекұлы С. Арыстары Алаштың. Алматы, 1998, 165 б.
16. Өзбекұлы С. Арыстары Алаштың. Алматы, 1998.
17. Сүйінов С. Бақтыгереи Құлманов кім болған? «Ақ Жайық», 12 қазан, 2000 ж.

СЫР ӨҢІРІНДЕГІ ДІНИ ҒҰРЫПТЫҚ НЫСАНДАР

Г. И. Оразалиева

Сыр өнірі тарихи-мәдени ескерткіштерге өте бай. Қазіргі танда 500-ден астам тарих және мәдениет ескерткіштер мемлекет корғауына алынған. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы және Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы ірі жобалардың бірі - «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» еліміздің ғылымына үлкен серпіліс алғып келді. Осыған орай, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі жалпы Сыр өнірінің қасиетті нысандарын іріктеу мақсатында жұмыс аткарып келеді (Әуезов, 2018, 166.б). Осы жұмыстардың нәтижесінде Жалпыұлттық және өнірлік қасиетті нысандар тізіміне енген діни және ғұрыптық орындарының ішінде Сыр өнірінің шығыс бөлігіндегі нысандар -Корасан ата кесенесі, Төлегетай-Қылышты ата кешені және Сыр өніріндегі Кағбаның көшірмесі жайында болмақ.

Корасан Ата кесенесі.

Барлық өмірі мен өнегелі тірлігі алты Алаштың баласына мәлім, сонау Арабиядан Орта Азия, түркі, қазақ жерлеріне, соның ішінде Сыр бойына ислам діні мен мәдениетін алғаш әкелгендердің бірі – халықты имандылық парасатына тәрбиелеген Әбдіжалил Баб еді. Халық аузындағы әңгімелерде ол Корасан ата деп аталады (КР тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы, 2011, 36 б.)

Корасаннан қалың қолмен аттанған Әбдіжалил Баб Сырдарияның сол жағалауындағы Қызылқұм өңіріндегі «Тотықұс» аралына (қазіргі Жаңақорған ауданының аумағында) келін табан тірейді, осы жерді тұракты мекен етеді. Мешіт-мәдресе салдырып, бала оқытады, емшілік істермен де айналысады.

Аңыз әңгімелерде Қорасан ата бамдат намазын оқып тұрғанда бүкіл тұла бойы қорғасындей ерін тұрғандықтан халық оны қорасан деп атап кеткен деседі. Ислам дінін уағыздырумен қатар жүйке, қояншық, шешек ауруларын емдеп жазатын болыпты. Қорасан ата өзі өлсе де рухы өлмей, мазар басына тұнеп, перзент сұраған ерлі-зайыптыларға Алланың құдіретімен ұл сұраса ұл, қыз сұраса қыз берген. Бұл жөнінде қазақ халқының эпостық жырларының бірі - Қобланды батыр жырында Қорасан атанаң киесі туралы айттылады (КР тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы, 2011, 38 б).

Қорасан ата (Әбдіжәлил баб) мен оның ұлы Хұсайын баба (Хұсайын Гази) зираттары қазіргі Жаңақорған ауданының жерінде орналасқан.

Қорасан ата кесенесі туралы жазылған тарихи және аныздық деректер көптеп кездеседі. Халық арасында қызығушылық тудыратын, қасиеті дара орындардың бірі - Қорасан ата кесенесі аумағындағы «Қағбаның» көшірмесі. Қағба «Сыр еліне қалай келді?» - деген сұраққа халық аузында сақталған ертедегі аңыз әңгіме жауап береді.

Қорасан атанаң баласы ғұлама имам болған екен. Әкесі Қорасан әр жұмада «Тотықұс» аралынан Ақмаямен желдей ұшып, Меккеге барып Бамдат намазын өтеп қайтатын болған. Осыны сезген Хусайн әкесіне: «Рұқсат етіңіз, Меккедегі Қағбаны осында көшіріп әкелейін», - депті. Таң намазының уақытында аспанды қара бұлт басып алай-дүлей желдетін, ит үріп, тауық шақырып, түйе боздап, ауыл у-шу болыпты. Сонда баб: «Балам сені сынайын деп едім, іліміне сендім. Жерге түсірме, Қағбаның көлеңкесін сыйып алайын, өзін қайта орнына апарып қой. Бұл жерде аяқ асты болады. Өз орнында тұрғаны дұрыс», - дейді. Қағбаның сол сыйып алынған көлеңкесі орнына топырақ үйіліп, ұзамай оның көшірмесі жаңадан салынады. Меккеге бара алмаған адам Құрбан айт намазында сол Қағбаны жеті рет айналып өтетін болған. Дегенмен, бұл тарихи дерек емес ауыздан-ауызға тараған аңыз - әфсанә екенін баса айтқымыз келеді (Әшімұлы Ш., 2002, 16 б.).

Қағба көшірмесі дүниенің төрт бұрышына қарап тұрғызылған, қабырғалары 6,5x6,5 метр, биіктігі 5 метр шамасында, яғни шаршы формасында салынған. Қағбаның ішінде бабаларымыздың қолының табы қалған ертедегі қабырғалардың қирандысы сақталған.

Қазір Қағбаның ішінде VII-VIII ғасырлардан қалған тастар қойылған. «Тасқа қолынды қойып, ең ұлken арманын айтқан адамның тілегі орындалады» деген халық арасында сенім бар. Қорасан ата кесенесі және Қағба - қазіргі таңда халықтың зиярат ететін орны. Қағба жанындағы емдік қасиеті бар құдық сұы дертке шалдыққан адамдардың шипасына айналды. Аллаға құлшылық ететін намазхана да келушілерге қызмет етуде. Киелі орынның инфраструктурасы жақсы дамыған. Келешекте бұл аумак туристік нүктеге айналуы мүмкін. Қағба көшірмесінің ішіне кіретін есігі солтүстік шығысқа қараган. Ішке кіре берісте

ғибадат етуші еденіне жайнамаз төсемей-ақ, дүниенің төрт бұрышының кез келген бағытына намаз оқыса да, Меккедегі оқыған намаздың сауабын табады деседі.

Кожа Ахмет Ясауи Қорасан атаға зиярат ете келгенде: «Тоқсан машайықты артынан көрдім, Қағбаны Мәккәні алдында көрдім, Рахым ете гөр, бабам Қорасан», - деп хикметіне қосып айтқанда, осы қасиетті орынды мензеген болуы керек дейді халық арасындағы аныз әңгімелер (Әшімұлы Ш., 2002, 22 б.).

Елбасының "Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру" бағдарламалық макаласы "Рухани қазына" кіші бағдарламасындағы "Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы" жобасы аясында Қызылорда облыстық музейі тарихшылар мен өлкетанушылардың облыстық форумын 2018 жылдың сәуір айында откізген болатын. Форумда қабылданған іс-шаралар жоспарына сәйкес Қызылорда облыстық музейі БАҚ өкілдерімен бірлесе Сыр өнірінің шығыс бөлігіне «Сыр өнірінің қасиетті орындары» атты телеэкспедиция үйімдастырды. Өнірдің шығыс бөлігінде орналасқан қасиетті нысандардың ішінде Қорасан ата кесенесі және оның аумағындағы қасиетті орындар зерттеліп, насхатталды. Нәтижесінде қасиетті орындар туралы бейнекільдер түсіріліп, олар туралы зерттеулер ғылыми айналымға түсті.

Қылышты ата өз заманының батыры, әрі ерекше қасиетке ие әулие адам болған деседі. Халық арасына тараған анызға сүйенсек, көлікті адам көлігінен түсін зиярат етпесе өзі немесе аты майып болады еken. Басына түнеп перзент тілегендер мен кеселденгендерге Алланың күшімен шипа беріп отырады. Қылышты атаның әкесі Камаладдин Меккеден келіп Қырғызстан шаһарының патшасы Әбубекір Сыдық ұрпағы Ілгімағзұмның қызына үйленеді. Содан көп кешікпей Меккеге қайтып келеді. Қылышты ата шеше ішінде қалып, өскенде аспаннан қылыш пен ақбоз ат түсін, 1001 бәлеге қарсы тұрған. Уәзірлері мен билері алдына келгенде қылышы күн сәулесіне шағылысып, қылыштың жузіне қонған шыбын екіге бөлінін түсे беретін болыпты. Онысы «Кімде-кім адал болмаса осындай жаза алады» дегеи еken. Міне, осыдан бастап Қылышты ата атаныпты (Кемелбаева А., 2017, 203 б.).

Қылышты ата кесенесі Төлегетай баба кесенесімен қатар Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы орталығынан 30 шақырымдай қашықтықта орналасқан. Төлегетай – Қылышты атаға өкіл бала болып тәрбиесін алып, қойын бағады. Бір күні Қылышты ата Төлегетайды сынайды. Сөйтсе сузыз құм ішінде Төлегетай аса таяғымен жер сыйып су шығарып, қой суарып жур еken. Баланың жетілгенін біліп, өз қызын берін күйеу бала етеді (Әшімұлы Ш., 2002, 23 б.). Төлегетайдан төрт ата Найман тарайды. Қылышты ата дүниеден өтерінде менің қабатыма Төлекті қойындар, зияратқа келген адам бірінші Төлекке дұға оқып, сосын маған келсін деген еken. Шындыққа жүргінгенде бүкіл Найман ұрпағының тұп атасы Төлегетай екендігі негізделуде. Ақсұлу кішкентай қайнысы Белгібай он алтыға толғанша күтіп, өзі отыз беске келгенде соған қосылады. Белгібай мен Ақсұлудан – Сүйініш, Сүйініштен – Төлегетай дүниеге келеді. Ал Төлегетайдан – Қытай, одан – «Төрт Төлегетай» атанған: Каракерей,

Матай, Садыр, Төртуыл деген ұлдары дүниеге келеді. Төлегетай баба – XII ғасырдың басындағы Күшілік ханның ұрпағы. Наймандарды жер-жерлерге бөлген кезде Төлегетай ежелгі Өзгент-Түркістан өңіріне жіберіледі. Бұрын да бірінің атағын сырттай білетін Төлегетай мен Қылышты Сыр өңірінде кез болып, бірін-бірі құрмет тұтып өтеді. Бұл қунде қатар жатқан қос әулие – Қылышты ата мен Төлегетай бабаның басына жаңадан келісті қос кесене тұрғызылған.

Корыта айтқанда, Сыр бойы осындай шешіреге толы өнір, тұнған тарих. Өткен тарихымызды білмей, бүгінгімізді танымай, ертенгі күніміздің басын ашып айтуымыз қыын. Сондықтан өткенімізді өзіміз тануымызben бірге оны қазіргі өскелен ұрпағымызға таныта отырып, ата-бабаларымыздың өткен өнегелі жолын насиҳаттай білуіміз қажет. Сыр өңірінің шығыс бөлігіндегі орналасқан Корасан ата кесенесі, Төлегетай – Қылышты ата кешендері Қазақстанның Жалпыұлттық Қасиетті нысандар тізіміне енген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Ж.Әузов. «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын дамытудағы музейлердің атқаратын рөлі» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Ж., -2018, с.87
2. ҚР тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы – А., 2011, с.111
3. Әшімұлы Ш. Сыр ғұламалары. Діни тарихи аныздар. Шымкент қаласы., 2002, с.164
4. А.Кемелбаева «Қазақстанның Жалпыұлттық қасиетті нысандары – А., 2017, с.306) Foliant баспасы



Корасан ата кесенесі. XIX ғ.



Сыр өніріндегі VII-VIII ғғ. «Қағбаның» көшірмесі



Төлегетай-Қылышты ата кешенді-мазары (XI-XII ғғ.)